

**Бестамақ “Болашақ” балалар бақшасы**

# **Отбасылық құндылықтар**

**(дөңгелек үстел)**

**Қамқоршылық кеңес жоспарына сай**

**2025 жыл, қараша.**

Тақырыбы: «Отбасылық құндылықтар»

Мақсаты:

- Отбасылық құндылықтардың бала тәрбиесіндегі рөлін ашу.
- Балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту.
- Қатысушыларды өз тәжірибесімен бөлісуге тарту.

Қатысушылар: тәрбиешілер, ата-аналар, әдіскер, психолог.

Форматы: пікірталас, жаттығулар, сұрақ-жауап.

## I. Кіріспе бөлім

- Жүргізушінің қатысушыларды қарсы алуы.
- Тақырыптың өзектілігін түсіндіру: «Отбасы – қоғамның негізгі ұясы, ал құндылықтар – оның тірегі».
- «Отбасы дегеніміз не?» – шағын миға шабуыл (әр қатысушы бір сөз айтады: сүйіспеншілік, сенім, жауапкершілік, дәстүр, сыйластық).



## II. Негізгі бөлім

### 1. Теориялық кіріспе

- Отбасылық құндылықтар ұғымы.
- Баланың тұлғалық дамуына отбасының әсері.
- Қазіргі қоғамдағы отбасы құндылықтарының өзгерісі.



## 2. Практикалық жаттығулар

### Жаттығу 1: «Құндылықтар ағашы»

- Флипчартқа ағаштың суреті салынады.
- Қатысушылар жапырақтарға өз отбасының басты құндылықтарын жазып, ағашқа жапсырады.
- Талқылау: қайталанған құндылықтар – ортақ қоғамның негізі.

### Жаттығу 2: «Жағдаятты талдау»

- Жағдаяттар ұсынылады:

1. Бала үйде гаджетке тәуелді, ата-анамен сөйлеспейді.
2. Отбасында дәстүрлі мерекелерге мән берілмейді.
3. Ата-ана мен бала арасында сенімсіздік бар.

- Әр топ шешімін ұсынады, этикалық тұрғыдан талқылайды.

### Жаттығу 3: «Менің балам үшін...»

- Әр ата-анаға парақ беріледі.
- Тапсырма: «Мен балам үшін ең маңызды деп санайтын үш құндылық» жазу.
- Кейін ортақ талқылау.



## III. Қорытынды бөлім

- Психологтың қорытынды сөзі: «Отбасылық құндылықтар – баланың болашағына салынған іргетас».
- Рефлексия: қатысушылар семинардан алған әсерін бір сөзбен сипаттайды (мысалы: сенім, сүйіспеншілік, бірлік).